



Автор: Калина Камшат Куанышбековна

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Жарық

Тақырып: Жылытқыш құралдаор

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 1.5.4.1- жылыту құрылғыларын анықтау |
| Сабақтың мақсаты: | Жылытқыш құралдар туралы білу. Түрлі жылытқыш құралдардың үйді жылыту үшін қажет екенін түсіну. Жылыту құралдарының қолдану ортасын анықтау. |
| Тілдік мақсаттар: | Жылытқыш құралдардың атаулары Пәнге қатысты лексика мен терминологиясы Диалог пен жазуға пайдалы сөз тіркестері |
| Күтілетін нәтиже: | Жылытқыш құралдарға нелер жататынын білетін болады Оқушылар түрлі жылытқыш құралдардың үй - жайды жылыту үшін қажет екенін түсінетін болады. |
| Бағалау критерийлері: | 1. Жылытқыш құралдар туралы біледі. 2. Түрлі жылытқыш құралдардың үйді жылыту үшін қажет екенін түсінеді. 3. Жылыту құралдарының қолдану ортасын анықтайды. |
| Құндылықтарды дарыту: | Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау Қарым - қатынас жасау қабілеті жауапкершілік |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | |
| Пәнаралық байланыс: | Дүниетану, көркем еңбек |
| Бастапқы білім: | Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін біледі. |
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақта жоспарланған іс - әрекет |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------|------------------------|-----------|
|-----------------|------------------------|-----------|

| | | |
|----------------------|--|---|
| <p>Сабақтың басы</p> | <p>1. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушыларды түгендеу, сабаққа әзірлігін, оқу құралдарын тексеру.</p> <p>Білу. 2. психологиялық ахуал суық, суық жел соқты, не істейміз балалар? Секірейік, жылынайық. (орындарына жүгіру) Ысқылап біз алақан (Алақандарын ысқылайды), Жүгірейік жалаулатып (қолдарын желбіретеді) - Қане, балалар, жылыну үшін біз бес - бестен бірігіп 3 топ құрайық. Оқушылар 3 топқа бөлінеді. Енді ойланып көріңдерші суық жел соққан кезде өз денелеріңнен қандай өзгерістерді байқадыңдар? Біз жылыну үшін қандай қимылдар жасадық? (жүгірдік, секірдік, алақан ысқыладық). - Қай мезгілдерде суық күндер болады? - Ал суық мезгілдерде үйде, мектепте күні бойы жүгіріп, секіріп, алақанды ысқылап жылыну мүмкін емес. Сондықтан суық мезгілінде ғимараттарды қалай жылытуға болады? психологиялық ахуал арқылы оқушыларға сабақтың тақырыбын хабарлау. Олай болса, балалар, біз бүгін сіздермен үйді жылытатын жылытқыш құралдармен танысатын боламыз. Бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы: Жылытқыш құралдар деп аталады. Түсіну. (Ж) Кітаппен жұмыс. "Балалар философиясы" әдісі арқылы суреттерді сөйлету. 1. Негеш пен Эвриканың саяхатқа шыққан уақыттағы іс - әрекетін жұпта әңгімелейді. 2. Негеш пен Эвриканың үй ішіндегі іс - ірекетін жұпта әңгімелейді. 1. Негеш пен Эврика неге тоңды? 2. Олар жылыну үшін не істеді? 3. От жағу үшін балаларға кімнің көмегі қажет болды? 4. Өздігінен от жағуға бола ма? 5. Суреттен қандай жыл мезгілін байқадыңдар? 6. Қыс мезгілі екенін қандай белгілеріне қарап білдіңдер? 7. Негеш пен Эврика не істеп жатыр? 8. Олар жылыну үшін нені пайдаланды? 9. Пеш ненің көмегі арқылы жылытылды? 10. Үйді жылыту үшін нені пайдаланамыз? Жылытқыш құралдар деп - жылу беретін және тарататын, үйді жылытып әрі жайлы ететін құралдарды атайды. Дескриптор: - Негеш пен Эвриканың күннің салқындығынан тоңғанын айтады - олар жылыну үшін от жаққанын айтады - от жағу үшін балаларға үлкен кісінің көмегі қажет болғанын айтады - балаларға өздігінен от жағуға болмайтынын айтады - суретке қарап қыс мезгілі екенін анықтайды - қыс мезгілі екенін даладағы өзгерістерге қарап білетін болады - қыс мезгілі екенін балалардың үстіндегі киімдеріне қарап білетін болады. - Негеш пен Эвриканың пешке қолдарын жылытып тұрғанын айтады - олар жылыну үшін жылытқыш пешті қолданғанын айтады - пештің электр тогы арқылы жылытылып тұрғанын айтады - үйді жылыту үшін жылыту құралдарын пайдалану керек екенін біледі. ҚБ «Жетістік баспалдағы»</p> | <p>Күнбағыстың үстіндегі шөнжік. мультфильмі https://www.youtube.com/watch?v=FJgXJh1_yv8s Сұрақтарға суреттер.</p> |
|----------------------|--|---|

| | | |
|-----------------|--|---|
| Сабақтың ортасы | <p>Қолдану. (Ж) «Семантикалық карта» әдісі (бірнеше заттардың арасынан жылытқыш құралдарды тауып, Жылытқыш құралдардың қасына + белгісін қояды)</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жылытқыш құралы батареяны тауып белгілейді. - жылытқыш құралы алаушақты тауып белгілейді. - жылытқыш құралы пешті тауып белгілейді. - жылытқыш құралы электрлік пешті тауып белгілейді. <p>ҚБ Оқушылар бірін-бірі тексереді</p> <p>Талдау (Т) «Жаңалық ашамыз» әдісі арқылы оқушылардың зерттеу жұмыстарын қалыптастыру.</p> <p>1-топ. «Кішкентай ғалымдар» әдісі арқылы болашақтағы жылыту құралдарының макетін мүсіндейді.</p> <p>2-топ. Эксперимент жүргізу. Қауіпсіздік ережесімен таныстыру. Оқушылар жылытқыш құралдарды тоққа қосып көреді. Жылытқыш құралдан не байқағандарын айтады.</p> <p>3-топ. «Венн диаграммасы» әдісі арқылы көп қабатты үйлер мен жер үйлерге арналған жылытқыш құралдарды бөліп алады. Ортақ қасиеттерін табады.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өз қиялдарынан туған жылытқыш құралының макетін мүсіндей алады. - оқушылар жылытқыш құралдарды мұғалімнің көмегімен қоса алады. - жылытқыш құралдардан жылы ауа шыққанын байқайды. - жылытқыш құралдардан суық ауа шыққанын байқайды. - көпқабатты үйге пайдаланатын жылытқыш құралы батареяны таба алады. - жер үйге пайдалануға болатын жылытқыш құралы алау ошақты таба алады. - жер үйге пайдалануға болатын пешті таба алады. - жер үй мен көпқабатты үйге ортақ жылыту құралы электрлік пешті таба алады. | Жылыту жабдықтарының суреттері, жұмыс қағаздары |
| Сабақтың соңы | <ul style="list-style-type: none"> • Жинақтау «Проблеманы шешу» әдісі • (топтарда ой қозғау) • Сұрақтар: • Киіз үй дегеніміз не? • Киіз үйде батарея орнатуға бола ма? • Киіз үй де жылыну үшін не істеуге болады? • Ақпарат • Дескриптор: • - киіз үйдің ежелгі ата - баларымыздың тұрағы болғанын айтады. • - киіз үйдің жиналмалы екенін айтады. • - киіз үйдің көшіп – қонуға қолайлы екенін айтады. • - білгендерінше киіз үйдің құрылысын атап өтеді. (мұғалім көмегі арқылы) • - киіз үйде батарея орнатуға болмайтынын айтады, дәлелдейді. • - киіз үйде жылыну үшін жер пеш орнатуға болатынын айтады. | |
| Рефлексия | ҚБ «Баспалдақ» арқылы өзін-өзі бағалау | |